



КАЗАНСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ АБАЙ



**«TURKIY XALQLARNING MA'NAVIY
INTEGRATSIYASI: TILI, ADABIYOTI,
MADANIYATI»
MAVZUSIDAGI II XALQARO
ILMIY-NAZARIY KONFERENSIYA**

TOSHKENT - 2025

**O'ZBEKISTON RESPUBLIKASI OLIY TA'LIM, FAN VA
INNOVATSIYALAR VAZIRLIGI**

**ALISHER NAVOIY NOMIDAGI TOSHKENT DAVLAT
O'ZBEK TILI VA ADABIYOTI UNIVERSITETI**

**«TURKIY XALQLARNING MA'NAVIY
INTEGRATSIYASI: TILI, ADABIYOTI,
MADANIYATI»**

**MAVZUSIDAGI II XALQARO ILMIY-NAZARIY
KONFERENSIYA MATERIALLARI**

TOSHKENT - 2025



Mazkur ilmiy maqolalar to'plamida «Turkiy xalqlarning ma'naviy integratsiyasi: tili, adabiyoti, madaniyati» II Xalqaro ilmiy-amaliy konferensiyasi materiallari jamlangan. Maqolalarda turkiy tillarning rivoji va o'zaro o'xshashliklarini, umumiy adabiy merosimizni ilmiy asosda chuqur o'rganish; madaniy aloqalarni zamonaviy texnologiyalar orqali kengaytirish; tarjima va adabiy almashinuv orqali xalqaro miqyosda muloqotni kuchaytirish; raqamli platformalar orqali integratsiyani amalga oshirishga oid fikrlar yoritib berilgan. To'plamdan dunyo bo'yicha taniqli turkiyshunos olimlar, metodistlar, o'qituvchilar hamda ToshDO'TAU iqtidorli talabalarining maqolalari ham o'rin olgan.

To'plam til va adabiyot ta'limi bilan shug'ullanuvchi professor-o'qituvchilar, shu sohaning tadqiqotchilari, magistrant va talabalarga mo'ljallangan.

Taqrizchilar:

G.Asilova – *pedagogika fanlari doktori (DSc), professor.*

G.Norimova – *filologiya fanlari nomzodi, dotsent.*

Tahrir hay'ati:

S.Muhamedova, S.Qambarova, O.Turaqulova,
Y.Shirnova, M.Yo'ldosheva.

Mazkur to'plam matni Alisher Navoiy nomidagi Toshkent davlat o'zbek tili va adabiyoti universiteti Kengashining 2025-yil 2-iyundagi 10-sonli majlisida muhokama qilinib, nashrga tavsiya qilingan.

Izoh: Maqolalarning ilmiy saviyasi uchun mualliflar o'zlari mas'uldirlar.



DOI: 10.52773/tsuull.conf.2025/WFHX5754

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫ ЖӘНЕ ШЫҒЫСТЫҚ САРЫН

Найманбай Айнұр Рахымбердіқызы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ош мемлекеттік университетіндегі филиал директоры, филология ғылымдарының кандидаты, доцент
ORCID – 0000-0002-0004-7680

Аннотация: Мақалада қазақтың ұлы ақыны А.Құнанбайұлының шығармашылық әлемі мен шығыстық сарын, А.Науаи поэзиясы, үндестік, дәстүр мен жаңашылдық, ақын өлеңдерінің қырғыз, өзбек, жалпы түркі әдебиетімен байланысы, аударма мәселесі жан-жақты көрсетіліп, нақты мысалдар арқылы талданады.

Кілт сөздер: дәуір, поэзия, үндестік, жаңашылдық, дәстүр жалғастығы, рухани сабақтастық.

Annotatsiya: Maqolada ulug' qozoq shoiri A.Qunanbayulining ijodiy olami va sharqona ohangi, A.Navoiy she'riyati, uyg'unlik, an'ana va yangilik, shoir g'azallarining qirg'iz, o'zbek, umuman turkiy xalqlar adabiyoti bilan bog'liqligi, tarjima masalasi har tomonlama ko'rsatilgan va tahlil qilingan.

Kalit so'zlar: davr, she'riyat, uyg'unlik, yangilik, an'analar uzluksizligi, ma'naviy uzluksizlik.

Abstract: The article comprehensively presents and analyzes the creative world and oriental tone of the great Kazakh poet A. Kunanbayuly, the poetry of A. Navoi, harmony, tradition and innovation, the connection of the poet's poems with Kyrgyz, Uzbek, and Turkic literature in general, and the problem of translation using specific examples.

Key words: era, poetry, harmony, innovation, continuity of tradition, spiritual continuity.

Түркі жұртының рухани үндестігі мен өзара ықпалдасуы бүгін бастау алған құбылыс емес, тамыры тым әріде жатыр. Оған шығыстың ең даласын мекен еткен ойшыл, абыздарымыз бен ақын-жазушыларымыздың құнды жәдігерлері, еңбектері куә.

Жалпы шығыстық ақын, ғұлама Әлішер Науаи шығармалары – түркі халықтарының рухани алтын діңгегі болып саналады. Оның ақындық әлемі зерделенген сайын, қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы кеңістігі, өлең өрнегі ашыла түседі. Абай поэзиясы – мәңгілік пен даналықтың, адалдық, махаббаттың символы, бүкіл адамзат игілігі.

Өткен ғасырларда рухани темірқазыққа айналған ұлы Абай болмысы – түркі халықтарының ауызбіршілігі мен ынтымағына айналып, көптеген игі істердің жаңаша бағытта өріс алып, оның ішінде қазақ, өзбек, қырғыз, жалпы түбі бір туыстас елдерге ортақ тұлғаларымызды қайта танып, ұлықтауға жол ашуда. Бұл мақаламыз арқылы ұлы Абай мұрасының қазақ, өзбек, қырғыз әдебиетіндегі өзара үндестігі мен ортақ құндылықтары туралы сөз қозғамақшымыз.

Кеңес үкіметі тұсында Абай шығармашылығының Шығысқа қатынасын монографиялық тұрғыда алғаш рет зерттеген ғалым,



профессор, абайтанушы Мекемтас Мырзахметұлы болды. Ғалым «Абай және Шығыс» [1] атты кең көлемдегі монографиялық еңбегінде Абайдың дүниетанымының қалыптасуына, дамуына әсер еткен ислам философиясы мен моралі, яғни ақын шығармашылығының танымдық, этикалық қырларына басты назар бөлуімен қатар, шығыстық-түркілік өлең өлшемі мәселесіне тоқталған. Сонымен бірге шығыстық-түркілік сарынның қазақ поэзиясына әсер-ықпалы, дәстүр жалғастығы мен жаңашылдығы деген ізденістерді қазақ ғалымдары З.Ахметов, Р.Сыздық, Ө.Күмісбаев, И.Жеменей сынды зерттеушілеріміздің де еңбектерінен қарап, танысуға болады.

1920 жылы алғаш рет Абай өлеңдерінің өзбек тіліндегі аудармасы журнал бетінде жарияланып, ақынның «Адамның кейбір кездері» атты жыры 1922 жылы «Инқилаб» журналында жарық көрді. Бір жылдан соң қазақ тілінде Ташкентте шыққан «Ақ жол» газетінде Абдурахман Сағди алғаш рет «Абай» атты мақаласын жариялады. «Абай шығармалары», «Абайды жұртшылық жағынан тексеру», «Абай өлеңдерінің табиғаты һәм ішкі рухы жағы туралы», «Абай тілі һәм өлшеулері» деген тақырыптарды қамтыған бұл ғылыми мақала – сол заман тұрғысынан алып қарағанда ұлы ақын мұрасын тану мен бағалаудағы сүбелі зерттеу еңбегі болып саналады.

Шығыстанушы А.Сағди Абайдың әдеби мұрасын қазақ халқының рухани кеңістігіндегі елеулі құбылыс деп бағамдап, оның «Жаз» өлеңін талдап, «Ес кетерлік ұсталықпен, тіпті жеңіл һәм табиғи шығарылған» деп пайымдайды.

Абай мұрасын аударуға өзбек әдебиетінің көрнекті өкілдері Ғафул Ғұлям, Міртемір, Ұйғұн, Тұрап Төле, Нәсір Фазыл, т.б. үлес қосып, Міртемір «Абай ата» өлеңі арқылы қазақ халқының ұлы перзентіне деген өзбек елінің ілтипат, құрметін көрсетеді. Ал 1925 жылы Абайдың тырнақалды «Таңдамалы» өлеңдер жинағы баспадан жарық көреді.

Қазақ және өзбек әдеби байланысының көне де жаңа бастауы – Абай мен Науаи. Абай және Науаи – екі дәуір перзенті. Алайда екі ұлы ақынға ортақ қазына – түркілік тек, сөз өнері және кемеңгерлік ой-сана биіктігі. Түркілік тек – Абай мен Науаидың, қазақ пен өзбектің арасындағы генетикалық байланыс, ортақ таным, дәстүр мен мәдениет үндестігі болып сабақтасады. Абайдың 1858 жылы жазған «Юзи равшан», «Көзі гауһар», «Қор болды жаным», «Көзімнің қарасы», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл», «Өлең сөздің патшасы – сөз сарасы» өлеңдеріне назар салсақ, оның Әлішер Науаидың ғашықтық тақырыбында жазған туындыларымен сарындас екенін аңғару қиын емес. Ақынның аталған өлеңдері шайырдың «Чор девон» (Төрт Диуан) атты ғазалдарындағы ой-тұжырымдарымен үйлеседі. Сондай-ақ ақынның «Көзімнің қарасы» секілді сезімге толы өлеңі Науаидың «Хозойин-ул-маоний» (Мағыналар қазынасы) атты лирикалық өлеңдерімен де үндес келеді.



Ә.Науаи – өзбек әдеби тілінің негізін қалаған ұлы ақын. Бұл туралы 1857 жылы қазақтың талантты ғалымы, этнограф Ш.Уәлиханов ақын есімін Еуропа және Азия ғалымдары арасында бірінші болып ерекше құрметпен айтса, жазушы М.Әуезов: «Түркі тілдес халықтардың көпшілігінің әдебиеті мен мәдениетін өсіруде Науаи мол әсер еткен», – деп жоғары баға берген. Ақын Абай жастайынан қазақ сөз өнерінің мәнін түсініп, шығыстың жыр-дастандарынан нәр алып өседі. Ақынның «Ескендір», «Әзім әңгімесі» поэмаларының шығыстық сарынмен, Науаи үлгісінде, алайда өзіндік қолтаңба, ой-шешіммен жазылғандығы М. Әуезовтің «Абайдың шығысқа қатыстылығы» туралы зерттеуінде жүйелі талданған [2,158]. Ал 1948 жылы Алматы қаласында Науаидың «Таңдамалы өлеңдер» жинағы басылып, оған Науаидың ғазалдары мен «Фархад-Шырын» дастанынан үзінді еніп, М. Әуезов алғы сөз жазады.

Ақын Науаи шығармаларымен Абай бала жасынан таныс болады. Семейде Ахмед Риза медресесінде оқып жүрген 14 жастағы жасөспірім шәкірт шығыс шайырларын жете танып, өлеңдерінен рухани күш алып:

*«Физули, Шәмси, Сәйхали,
Науаи, Сағди, Фирдауси,
Хожа Хафиз – бу Һаммаси
Медет бер я шағири фәрияд»,* – деп жыр арнаған.

Осылайша шығыс шайырлары жырлаған дастандар негізінде тұңғыш рет қазақ әдебиеті тарихында шығыс тақырыбын жырлау мәселесі қалыптаса бастайды. Шығыс ақындары поэзиясының қуаттылығы мен Ә.Науаи есімі XVIII ғасырда өмір сүрген жыршы-термеші Майлы қожа Сұлтанқожаұлының «Толғау» атты өлеңінде де көрініс береді:

*Өзбектен өткен Науаи,
Тілдің кәусар гүлі еді.
Парсыдан өткен Фердауси,
Заманында дүр еді.*

Ақын Ә.Науаи 1483 жылдан бастап өзінің әйгілі «Хамсасын» (бестік) жазуға кіріседі. Сол мақсат негізінде ол «Жеті кезбе» («Саъйи-сайер»), «Ескендір қорғаны» («Саъди Искандари»), «Фарход-Шырын», «Ләйлі-Мәжнүн» атты бес дастан жазып, ақындық кемелдігін танытады. Оның әйгілі бес дастаннан тұратын «Хамса» жинағын қазақтың көрнекті ақыны Н.Айтұлы сапалы нұсқада аударып, таныстырылымын жасап, оқырман қауымға ұсынады.

Абай Құнанбайұлының шығармашылығы тек қазақ халқының ғана емес, жалпы түркі әлемі, көршілес халық әдебиетінің тарихы мен руханиятында да ерекше құрметке ие. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қырғыз халқының жазба ақындары Тоғалақ Молда, Әбілқасым Жұтақиев, Ысақ Шайбеков, Қалық Акиев және басқа да есімдер ел арасында кеңінен таныс болған.

Олардың арасында ерекше талантымен көзге түсіп, «Тоғалақ Молда» деген атпен танымал болған Байымбет Абдырахмановтың (1860-1942) сөз



өнерінде алатын орны айрықша. Ол шығыстың ұлы ақындары Науаи, Фирдауси, Низами, Хафиз, татар классиктері Қажоми Насыри, Ғабдолла Тоқай шығармаларын, сондай-ақ «Бозжігіт», «Қыз Жібек», «Жүсіп-Зылиха», «Мұңлық-Зарлық» дастандарын жақсы білуімен бірге Абай Құнанбайұлының аудармалары арқылы Пушкин, Лермонтов, Крылов мұраларымен де таныс болған.

Тоғалақ Молда қазақтың ұлы ақыны Абай өлеңдерін танып қана қоймай, кейбірін жатқа да білген. Оның «Жазғы шілде», «Қыс шілдесі», «Қыздың жыры», «Қыздың жігітке жырлағаны», «Жігіттің қызға жырлағаны» сияқты туындыларынан Абайдың пейзаждық және махаббат лирикасының ықпалы байқалады. Бұл туралы зерттеуші-ғалым А.Шәріп тұжырымды талдау жасайды: «...Ақынның жоғарыда аталған «Жазғы шілде» өлеңінің өрнегінен қазақ ақынының 1889 жылы «Дала уәлаяты» газетінде жарияланған «Жаздыгүн шілде болғанда» өлеңінің әсері байқалады. Халықтың тұрмыс-тіршілігін бейнелеп, табиғат көріністерін суреттеу тәсілінде ұқсастық бар. Тоғалақ молда Абай Құнанбайұлының өлең құрылысындағы жаңалықтарына да бойлап барып, оны өз кәдесіне жаратқан. Айталық, «Бойы бұлғаң» (Абай) және «Жақсы әйел» (Тоғалақ Молда), «Сегіз аяқ» (Абай) және «Манаптардың залымдығы» (Тоғалақ Молда) өлеңдерін салыстырып қарасақ, қырғыз ақыны қолданысындағы алты және сегіз тармақты шумақтардың төркіні қайдан шыққандығы көрініп тұрады. Халық ауыз әдебиетінің үлгілеріне көп сүйенген (мұны дәстүршіл ұлы ақын Тоқтағұл Сатылғановқа екі рет арнайы барып, жанында үш ай болғандығы растай алады) Тоғалақ Молданың сөз өнерінде ғажайып реформа жасаған Абайды өнеге тұтқаны оның поэзиясын жаңа өрістерге жетелегені сөзсіз [3, 33].

Тоғалақ Молданың жырларындағы оқу-білімге шақыру, еңбекке үндеу, адамгершілікке тәрбиелеу, әйел теңдігі, озық халықтардан үйрену сарындары көбіне-көп Абайдан бастау алғандығын көрсетеді. Бұл өзгерістердің мазмұнын сол заманда қазақ-қырғыз арасында жаппай үдеріске айналған ағартушылық идеялардың ықпалында қарастыруға да болады.

Кезінде ХХ ғасырдың бірінші жартысында қырғыздың ақын-жазушысы Аалы Тоқамбаев: «Абайдың жыр жазу техникасы мен өлеңдерінің пішіні қазақ әдебиетіне ықпал етсе, қырғыз әдебиетіне де сондай ықпалын тигізді. Әрбір жас әдебиетші оның ұлы өсиетін ұмытпауы тиіс», – деп пікір білдірген екен. Ол бұл сөздерді айтып қана қоймай, өзі де қолына қалам ұстаған кезден бастап Абай шығармашылығына ден қойып, ұлы ақынның өлеңдерін қырғыз тіліне аударып, кітап етіп бастырып, үлкен әдеби мектептен өтеді. Әсіресе, Абайдың алты тармақты шумақ үлгісін өлеңдерімен қоса, «Тұтқын Марат» поэмасында да кеңінен пайдаланады [3, 4]. Оның:

Алмадай жер,
Айланан ал,



Елдин канин ичесин.

Қыйналып жан,

Шорголап кан,

Акбада сен тутосун... деген өлең жолдары Абайдың «Бай секілді» өлеңінің үлгісімен жазылғандығын көрсетеді.

Қырғыз жазба әдебиетінің негізін салушылардың бірі, ақын, драматург Ж.Бөкөнбаев өз заманында керемет аудармашы да болған. Ол Пушкиннің, Лермонтовтың, Некрасовтың, Руставелидің, Маяковскийдің туындыларымен бірге, Абайдың көптеген шығармаларын қырғыз тіліне аударады. Бұлардың қатарында «Өлең – сөздің патшасы», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Желсіз түнде жарық ай», «Бір сұлу қыз...», т.б. өлеңдер бар. Ал «Есек пен бұлбұл» мысалын Крылов пен Абайдан аудардым деп көрсетеді. Бұл ізденістер Ж.Бөкөнбаевтың да орыс поэзиясымен Абай шығармашылығы арқылы танысқандығын білдіреді. Сонымен бірге оның «Жаз», «Қыздың жыры», «Жігіт жыры» өлеңдерінен де қазақ ақынының ықпалын байқау қиын емес. Сол әсермен ұлы Абайға мынадай өлең жолдарын арнаған екен:

Сар арканы турак кылып,

Шамал менен көчүпсүң,

Кун жетпеген чечен булбул,

Кумда сайрап өтүпсүң.

Аудармасы:

Сарыарқаны тұрақ қылып,

Самалменен көшіпсің.

Баға жетпес бұлбұл шешен,

Құмда сайрап өтіпсің.

Мұнымен бірге 1930 жылдардағы Темірқұл Үметаливтің «Шала-шала хат білген», «Қарға», «Жас күнің естен кете ме?» өлеңдерінен, Алықұл Османовтың Пушкиннен және Крыловтан жасаған «Татьянаның хаты», «Онегиннің Татьянаға хаты», «Есек пен бұлбұл», «Қасқыр мен қозы», «Шал мен ажал», «Қасқыр мен тырна», «Аққу, шортан һәм шаян» аудармаларынан да Абай дәстүрі байқалады. Осы ретте жазушы А.Тоқамбаев «Абайдың аудармаларын пайдалану арқылы қырғыз жазушылары өз әдебиетіндегі тәржіманың жаңа үрдісін қалыптастырды», – деп тұжырым жасайды.

Сонымен бірге Абай өлеңдерін қырғыз тіліне Сооронбай Жусуев, Атантай Ақбаров, Абдыжапар Егембердиев, Мұқан Асаналиев сияқты ақындар да аударған. Абайдың шығармалар жинағы қырғыз елінде алғаш рет 1954 жылы жарық көрген. Ал Бішкек қаласындағы «Театр» гүлзарының орталық аллеясында Абайдың ескерткіші қойылып, 1922 жылы 26 мамырда ашылу салтанаты өткен. Ақын есімімен байланысты сол рухани үндестіктерді жалғастыру мақсатында алғаш рет Қырғыз Республикасы Ош мемлекеттік университетінде Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қолдауымен «Абай» орталығы ашылды.



Қырғыз ақындарына Абай шығармашылығының ықпалы туралы сол елдің зерттеушілері біршама сөз етеді. Мысалы, ғалым Бүбүй Керімжанова «Қырғыз өлең құрылысының кейбір мәселелері» атты еңбегінде ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы қырғыз ақындарының Абайдан үйреніп, өздерінің ұлттық поэзиясын тың ырғақтармен, ұйқастармен, бейнелеу тәсілдерімен байытқанын жазады. Ал Құлан Рсалиев «Қырғыз поэзиясының шумақтық құрылымы» атты монографиясында алты тармақты шумақтың қазақ поэзиясынан, атап айтқанда, Абайдың өлең жүйесінен келгенін нақты мысалдар арқылы көрсетеді. Ол ақынның «Бай сейілді», «Бойы бұлғаң», «Кешегі Оспан», т.б. өлеңдерінен үзінділер ала отырып, А.Тоқомбаевтың, М.Елебаевтың туындыларымен салыстырады да, *аабввб, аабввбгг* ұйқас үлгілерін Абай дәстүрінен табады [3, 35].

Абайдың туғанына 150 жыл толуына орай 1995 жылы Бішкек қаласында қырғыз тілінде Абдысалам Обозкановтың бастамасымен «Даанышман ойчул» («Данышпан ойшыл») атты еңбек жарық көреді. Сапалы жинақта ақынның «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңі «Бүркүтчү» аудармасымен жалғасады:

Бүркүтчү жаш сонордо чыкты аңға,
Таштардан түлкү чыгат аңдыганга.
Жакшы ат менен ынак дос бир канымет –
Ыңтайлуу, женил кийм аңчы адамга.
Жолукса издегенде кайткан изи,
Сагадан түлкү качып из чалганда.
Бүркүтчү тоо башында, какчуу түздө,
Кубалар тапкан изди бет алганда.
Тартканда томосогун тигил кырдан
Кыраандын көзи көрүп талпынганда... (14-б.)

Бұл жинақта қырғыз тілінде Абай Құнанбайұлының Жоомарт Бөкөмбаевтың аудармасында «Искендер ангемеси», «Жигиттин кызга айтканы», «Кыздын жигитке айтканы», «Сулуу кыз», «Билектеи акасында өргөн порум», «Кулактан кирип боиду алар», «Ашыктык кумарлануу – ал эки жол», Совет Урманбетовтың аудармасында «Шашкеде сансыз күкүк ыр ырдаган», Сұлайман Маимуловтың аудармасында «Илимдин надаан өтпөс уккан менен», «Мукаммаразга», «Абаидын Смагул деген инисине четте жаилап жүргөгдө айтканы», «Туугузган ата эне жок», «Заман акыр жаштары» сияқты туындылары да орын алған.

Поэзия – өте күрделі құбылыс. Ол – дарынды жеке тұлғаның дүниетанымы, рухани және интеллектуалдық әлемінің қайнауынан келіп туындайтын танымдық, этикалық, эстетикалық тылсым дүние. Халықтық, түркілік поэзия жанрлары мен түрлерінің Абайдың поэтикалық әлемінде қолданылуы, жаңа сипат, жаңа мазмұн, жаңа түр алуы сынды тақырыптың көтерер жүгі қай кезде де салмақты.

Шығыстық өлең өрнектері мен таза түркілік төлтума түрлер, Аристотельдің кәсіби өлең түрлерін жіктейтін «Поэтика» еңбегіндегі



теориялық тұжырымдарды жетілдірген Әл-Фарабидің өлең теориясы туралы зерттеуі, Ә.Науаи, З.Бабыр сынды алыптардың түркілік өлең өнері туралы жазған еңбектері, Науаи мен Абай поэзиясының үндестігі туралы талдаулар алдағы уақытта да жалғасын таба береді.

Абай шығармашылығы – қазақ халқының ұлт болып ұйысып, ел болып еңсесін көтеруіне қызмет еткен аса құнды мұра. Бұл қасиетті мұра – бүгінгі күні күллі түркі жұртының ықпалдасып, ғылым мен білім, руханият пен мәдениет, әдеби, жалпы гуманитарлық бастауларының тоғысуына айналуда. Бұл үрдістен Шығыс интеграциясының сан ғасырлар бұрын басталғанын байқауға болады. Ұлы Абайдан бастау алған мәдени құрылым, жаңа мазмұнға ие болып, өзінен кейінгі түркі халықтарына ортақ ақындардың поэзиясына өзгеше леп берді. Сондықтан да Абай поэзиясының даму жолында түркілік кезең елеулі орын алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мырзахметұлы М. Абай және Шығыс. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 208 б.
2. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар (Құрастырып, баспаға әзірлеген Н.Ақбаев). – Алматы: Санат, 1995. – 320 б.
3. Шәріп А.Ж. Қазақ-қырғыз әдеби байланыстары: Оқу құралы. – Алматы: Ағна-б, 2022. – 140 б.
4. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.
5. Абай. Ырлар. – Бишкек: Шам, 1995. – 177 б.
6. Токомбаев Аалы. Кунанбаев А. Стихи Абая. – Фрунзе: Киргизгосиздат, 1954. – 128 с.
7. Абай. Қалың елім, қазағым. Өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 224 б.

Интернет көздері:

1. https://kazakh-tv.kz/kz/view/society/page_204833_uly-abaidyn-olenderi-kyrhzytiline-audaryldy
2. <http://pisatelikg.narod.ru/tokombaev.html> (Сайт о писателях и поэтах Кыргызстана. Известные поэты Кыргызстана: Токомбаев Аалы (Балка).
3. <https://kzref.org/tamara-tokombaeva.html?page=11#>
4. http://lib.tarsu.kz/rus2/all.doc/Abai/70_Abai_Kirgiz_tilinde.pdf.



MUNDARIJA

Hüseynova Mahirə Nağı qızı. AZƏRBAYCAN VƏ ÖZBƏK DİLLƏRİNDƏ HİDRONİMİK VAHİDLƏRİN MÜQAYISƏLİ-LİNQVİSTİK TƏHLİLİ	5
Зулпукаров Капар, Талипова Сахида Эргешбаевна. ОБ ОДНОМ ПОДХОДЕ К СРАВНИТЕЛЬНОЙ ХАРАКТЕРИСТИКЕ ГРАММАТИЧЕСКИХ ФУНКЦИЙ ПАДЕЖНЫХ СУФФИКСОВ В УЗБЕКСКОМ И КЫРГЫЗСКОМ ЯЗЫКАХ	12
Adilbekova Elmira Seytimovna, Сұлтан Саният Бауыржанқызы. ABAY ESERLERİNDE İDEAL İNSAN: AHLÂK, BILGI VE İRFAN EKSENİNDE İNSAN-I KÂMİL	21
Sulton Tulu. "DADA QO'RQUT KITOBİ"NING YANGI TOPILGAN BURSA QO'LYOZMASI	30
Найманбай Айнұр Рахымбердіқызы. АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫ ЖӘНЕ ШЫҒЫСТЫҚ САРЫН	37
Самситова Луиза Хамзиновна. ЯЗЫКОВАЯ ПОЛИТИКА И ОБРАЗОВАНИЕ В РЕСПУБЛИКЕ БАШКОРТОСТАН	44
Mirvari İsmayilova Abbas qızı. AZƏRBAYCAN MƏTBƏX MƏDƏNİYYƏTİNİN MİLLİ İDENTİKLİYİ (və yaxud etnokulturoloji səciyyəsi)	52
Mustafa NERKİZ. KAZAK VE ÖZBEK ATASÖZLERİNDEN HAREKETLE KOLEKTİF BİLİNÇ VE BİRLİK KAVRAMI	65
Қ.С.Қалыбаева. ӨЗБЕК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДЕГІ ОРТАҚ ТАНЫМ: ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ	74
Mavlonova Klaraxon Mahmudovna. MATN TUZILISHINI BELGILOVCHI KOMPONENTLAR TAHLILI	81
Кобыскан Александр Степанович. ЛЕТНИЕ ЛАГЕРЯ КАК ПРОСТРАНСТВО ЭТНОЛИНГВИСТИЧЕСКОЙ СОЦИАЛИЗАЦИИ ДЕТЕЙ: ОПЫТ БАШКОРТОСТАНА	87
Kambarova Saodat Irkinovna. O'QUVCHILARNING OBRAZLI TAFAKKURINI RIVOJLANTIRISHGA DOIR YONDASHUVLAR	95
I SHU'BA. TURKIY XALQLAR ADABIYOTI VA XALQ OG'ZAKI IJODI MASALALARI	
Ubaydullayeva Rayxon Abdujalil qizi. AHMAD A'ZAMNING "RO'YO YOXUD G'ULISTONGA SAFAR" ASARIDA INTERYER TASVIRI	101
Sayali Safarova. "AZƏRBAYCAN OĞLU ÖZBƏK ŞAİRİ" MAQSUD ŞEYXZADƏ YARADICILIĞINA NƏZƏR	107
Маметова Дильфуза Алимовна, Алтынбекова Ақерке Ерболатқызы. TÜRK HALK GELENEĞİNDE HOCA NASREDDİN: MİZAHIN VE HİKMETİN SİMGESİ	113
Адилбекова Эльмира Сейтимовна, Берікқызы Сая. TÜRK DESTAN ÇALIŞMALARI VE EPIK GELENEKLERİ HAKKINDA BAZI	123

